

Астрахан аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 қарашадағы № 4С-39-4 " Астрахан ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 сәуірдегі № 5С-4-2 шешімі. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 4 мамырда № 1-6-171 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 5 қарашадағы № 116 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 05.11.2014 № 116 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабының 1 тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, Астрахан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. «Астрахан ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» 15 қарашадағы № 4С-39-4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-6-159 тіркелген, 2011 жылғы 22 желтоқсанда аудандық «Маяк» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармағының 1) тармақшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын:
«1) Астрахан аудандық бөлімшесінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының тізімдері негізінде, өтініш берусіз мерекелік күндерге арналған бір жолғы төлемдер:

9 мамыр – Жеңіс Күніне:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне он бес мың теңге мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларға теңестірілген адамдарға бес мың теңге мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға бес мың теңге мөлшерінде;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жөнінен соғысқа қатысушыларға теңестірілген

адамдардың басқа да санаттарына үш мың теңге мөлшерінде;
ең төмен зейнетақы алатын зейнеткерлерге екі мың теңге мөлшерінде;

М ү г е д е к т е р К ү н і н е :

16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға үш мың теңге мөлшерінде;»

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

А с т р а х а н а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң с е с с и я

төрайымы

Ж.Дүйсекеева

А с т р а х а н а у д а н д ы қ

мәслихатының хатшысы

В.Собеский

«КЕЛІСІЛДІ»

Астрахан ауданының әкімі

Р.Әкімов